

## Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округінің "Бөктер" қыстағына шектеу іс-шарасын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 15 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 тамызда № 4115 болып тіркелді. Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 17 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 26.08.2022 № 17 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2015 жылғы 07 шілдедегі № 425 ұсынысы негізінде, Екпін ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округінің "Бөктер" қыстағында мүйізді ұсақ малдарынан құтырық ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шарасы белгіленсін.

2."Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысына (Б. Қажыкенов) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Екпін ауылдық округінің әкімінің  
міндетін уақытша атқарушы*

*Б. Қоңыров*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

"Қазақстан Республикасы Ауыл  
шаруашылығы Министрлігі  
ветеринариялық бақылау және қадағалау  
Комитетінің Тарбағатай аудандық  
аумақтық инспекциясы"  
мемлекеттік мекемесі басшысы  
**"19" шілде 2015 жыл**

*Б. Қажыкенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК